

М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия



М.Құрманғалиева атындағы
№32 гимназия директоры
Джамбулова А.С.

**М.Құрманғалиева атындағы
№32 гимназия бойынша
2023 – 2029 жылдарға арналған
ДАМУ ЖОСПАРЫ**

Ақтөбе – 2023

Мазмұны

1. Тұжырымдама құжаты	3
2. Кіріспе	5
3. Бағдарлама мақсаты мен міндеттері	6
4. Білім беру жүйесі жағдайының талдауы	8
5. Даму жоспарының орындау механизмі мен негізгі бағыттары және оны жүзеге асыру кезеңдері	13
6. Гимназиядағы білім берудің келешектік құрылымы мен білім мазмұны	15
7. Күтілетін нәтижелер	16
8. 2023 – 2029 жылдарға арналған білім беруді даму жоспарын іске асыру жоспары	18

**М.ҚҰРМАНҒАЛИЕВА АТЫНДАҒЫ №32 ГИМНАЗИЯНЫҢ
2023 – 2029 ЖЖ. АРНАЛҒАН
БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

Педагогикалық кеңесте бекітілді

31 тамыз 2023 ж. Хаттама №1

1. ТҮЖЫРЫМДАМА ҚҰЖАТЫ

Тұжырымдама атауы	М.Құрманғалиева атындағы 2023 – 2029 жж. арналған білім беруді даму жоспары
Әзірлеу үшін негіздеме	"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауы;
Тұжырымдаманы іске асыратын мемлекеттік орган	М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия
Іске асыру мерзімі	2023-2029 жылдар

Гимназия туралы ақпараттық анықтама

Тіркелген мекен – жайы	Ақтөбе қаласы, 11 шағын ауданы 74 А
Ашылған уақыты	01.09.1989 жыл
Гимназия директоры	Джамбулова Айжан Сматовна
Гимназия миссиясы	Білім берудегі жоғары сапа және көшбасшылық!
Оқушы саны	<p>Барлығы – 1432 I ауысым – 678 II ауысым – 754</p> <p>Класс комплекті саны – 55 1 – 4 кластар – 598 5 – 9 кластар – 628 10 – 11 кластар – 206</p>
Мұғалімдердің білім туралы ақпарат	Гимназияда 112 мұғалім қызмет етуде. Жоғары білімді – 105 Арнаулы орта білімді – 7
Мұғалімдер санаты туралы ақпарат (жана жүйе бойынша)	Педагог – зерттеуші – 40 Педагог – сарапшы – 21 Педагог – модератор – 21
Материалдық базасы	Оқу кабинеті - 36
Мектептің инфрақұрылымы	Мектеп типтік 3-қабаттан тұратын мекемеде орналасқан. Мектепте жалпы 36 оқу кабинеті бар. Жабдықталған арнайы оқу кабинеттері: 1 физика кабинеті, 1 химия кабинеті, 1 биология, 2 информатика кабинеті, 1 робототехника, 1 ГТ кабинеті, технология ер балалар үшін 1 кабинет, технология қызы балалар үшін 1 кабинет бар. Сонымен қатар мектепте 2 спорт залы, 1 спорт зал – 280,6 шаршы метр, 2 спорт зал – 278,8 шаршы метр, мәжіліс залы – 177,7 шаршы метр, кітапхана бар. Алғашқы әскери дайындық пәніне арналған 1 оқу кабинеті бар. Мектеп асханасы - 220 орындық. Мәжіліс залы – 200 орындық.
Мектеп территориясының жалпы аумағы	1,780 га
Мектеп ғимаратының аумағы	11 384 кв.м

2. КІРІСІНДЕ

Орта білім алу әрбір адамға әрі қарай оқу, мамандық алу мен өмірде табысқа жету мүмкіндігін қамтамасыз етудің түбегейлі қажеттілігі болып табылады. Қазақстан мектептерінің түлектері өзгермелі өмірдің жаңа тұжырымдамалары мен үрдістерін қабылдауға дайын болуы, саналы таңдау жасауға, сондай-ақ өзінің бүкіл өмірі бойында өзгермелі жағдайларға икемді болуға үйренуі және бейімделе білуі тиіс. Оған сапалы білім, оқушының оқуға және өзінің білімін өмір бойы жетілдіруге дайындығы – еліміздің бүгінгі әлемдегі бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін негізгі алғышарт болып табылады.

Гимназия - қабілетті де дарынды балаларды оқытатын оку орны. Гимназияның Жарғысында: «Тұлғаның жан-жақты дамуына негіз бола алатын, мектеп компоненттерін қосу негізінде, оқу жоспарлары мен бағдарламаларды лайықтау құқығын сақтай отырып, мемлекеттік стандарттан тыс, білім беру деңгейін қамтамасыз етуі мүмкін» деп көрсетілген. Сондықтан, гимназияның басты мақсаты – ҚР-ның әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзіретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету. Осы мақсатқа сәйкес бұл даму бағдарламасында мемлекет пен қоғамның білім беру саласында оқушылардың түрлі қызметтер саласындағы проблемаларды өз бетінше шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін қалыптасқан негізгі құзіреттілік түріндегі білім беру нәтижелері ұсынылады.

М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназияның даму бағдарламасын әзірлеудің негізінде мынадай түбегейлі жаңа тұжырымдамалық негіздер жатыр:

- жоғарғы мектепте бейіндік оқытуды енгізуге негізделген білім беру мазмұнының тұлғалық бағдары мен вариативтілігі;
- гимназияны бітірушілердің тұлғалық сапалар ретінде құзіреттіліктер түрінде күтілетін нәтижелерді арттыру;
- гимназияда білім берудің түрлі сатыларындағы тұлғаның даму дәйектілігін сипаттайтын көпденгейлі нәтижелер жүйесін құру;
- гимназиядағы білім беру жүйесінің, оқушылардың даму динамикасын бақылауға бағдарланған жеке тұлғаның жетістіктерін бағалаудың жаңа технологиясын енгізу
- жалпы орта білім берудің құрылымы мен мазмұнының білім берудің әрбір сатысындағы психологиялық- физиологиялық және жас ерекшеліктеріне, мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкестігі.

2029 жылғы қарай Қазақстан – білімді мемлекет, ақылмен құрылған экономика және біліктілігі жоғары жұмыс күші. Білім берудің дамуы еліміздің болашақ экономикалық, саяси және әлеуметтік – мәдени өркендеуі сүйенетін тұғырнамасы болуы тиіс.

Миссия

Білім берудегі жоғары сапа және көшбасшылық!

Стратегиялық мақсаты

Жоғарғы адамгершілік құндылықтар қалыптасқан, өз елінің мәдениетін бағалай біletін, Қазақстан және әлемдік қоғамдастық игілігі үшін өзін – өзі дамыта және бағалай алатын зияткер жеке тұлғаны тәрбиелеу.

М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназияның проблемалық тақырыбы

Сапалы білім және саналы тәрбие беруде инновациялық – педагогикалық технологиялар арқылы бәсекеге қабілетті ұлттық сипатты гимназия құру

3. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

Даму жоспарының мақсаты

Әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырылған және қоғам мен тұлғаның сұраныстарына сай білім берудің гимназиялық тиімді моделін қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдықтарды айқындау. Экономиканы орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қол жетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру білім беру қызметіне тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағдарланған қаржыландыру жүйесін жетілдіру.

Міндеттері

- білім беруді басқаруды одан әрі демократияландыру негізінде гимназиялық білім беру моделінің жұмыс істеуінің заңнамалық, нормативтік, құқықтық базасын жетілдіру;
- білім берудің мазмұны мен мектептің материалдық-техникалық базасын жаңарту;
- гимназияның ғылыми-әдістемелік және ғылыми зерттеу бағытындағы жұмыстарын жандандыру.

- оқу-тәрбие үрдісінде ғылыми-ақпараттық мәліметтермен қамтамасыз ету;
- оқу-тәрбие жұмысының бағытын, даму процесін болжау, кемшіліктерді түзету нәтижесін анықтап, болдырмау жолдарын қарастыру;
- инновациялық іс-әрекетті оқушының жасөспірім физиологиясына, педагогикалық-психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қолдану;
- қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу;
- білім мазмұнының инварианттық және вариативтік компоненттерінің арасындағы гуманитарлық және жаратылыштану-ғылыми білімдердің диалектикалық бірлігін қамтамасыз ету.
- гимназияда инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру.
- білім беру саласындағы басқарудың жаңа тиімді әдістерін пайдалану.
- оқушылар арасында спорттық өрістету.
- электрондық оқыту жүйесін қолдану, жандандыру.
- педагогтердің жалпы санынан педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы біліктілігі жоғары педагог қызметкерлердің санын көбейту.
- жаратылыштану-математика пәндері бойынша білім беру оқу бағдарламаларын жетік менгерген оқушылардың санын көбейту.
- PISA, TIMSS, PIRLS халықаралық салыстырмалы зерттеулердегі қазақстандық жалпы білім беретін мектептер оқушыларының нәтижелілігін қамтамасыз ету.
- білім беруді дамытудың мониторинг жүйесін жетілдіру, оның ішінде халықаралық талаптарды ескере отырып, ұлттық білім статистикасын құру.
- көлікпен жеткізуге мүқтаж балалардың жалпы санынан мектепке және мектептен үйлеріне сапалы әрі ынғайлы тасымалдауымен қамту.
- көркем, музыкалық, техникалық, ғылыми шығармашылықпен айналысадын үйірменің санын көбейту.
- түрмиси төмен отбасылардан шыққан оқушыларды тегін дәрүмен қосылған ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

Мектепшілік басқару

Мектептегі басқару командалық басқару және бөлінген көшбасшылық қағидаттарына бағдарланған. Мектепте мынадай басқару органдары құрылады:

- **Мектептің ана-аналар комитеті** – бұл мектепті тұрақты жұмыс істейтін алқалы өзін-өзі басқару органы, ол өзіне ата-аналар мен мұғалімдерді қамтиды. Комитет мектеп пен оқушылардың ата-аналары арасында ақпараттың еркін айналымы үшін қажетті жағдай жасайды.

- **Оқушылар кеңесіне оқушылар** сайлаған әр түрлі жастағы өкілдер кіреді. Оқушылар кеңесі мектеп оқушыларының өмірін қызықты өткішу үшін мектеп әкімшілігімен бірге іс-шаралар ұйымдастырады.

- **Педагогикалық кеңес** – бұл педагог қызметкерлердің тұрақты жұмыс істейтін алқалы өзін-өзі басқару органы. Педагогикалық кеңес сабак берудің, оқытудың және мектептің тәрбие жұмысының негізгі мәселелерін қарау және шешу үшін өткізіледі.

- **Әдістемелік кеңес** – бұл білім берудің мазмұнын жетілдіру және оны мектептің даму жоспарына сәйкес оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында құрылатын мұғалімдердің тұрақты жұмыс істейтін алқалы органы. Әдістемелік кеңес педагогикалық ұжым мүшелеріне дайын бағдарламаларды іске асыруға ғана емес, мұғалімнің оқушының жеке басын дамытуға бағытталған шығармашылық әлеуетін жетілдіруді тұрақты ынталандыра отырып, оларды жоспарлау мен өзірлеуге, эксперименттер мен инновацияларды байқаудан өткізуге белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

4. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТАЛДАУЫ.

Сабак беру және оқыту

Қазақстандық және әлемдік білім беру жүйелерінің үздік дәстүрін үйлестіретін мектепте білім берудің инновациялық моделін қалыптастыру қазіргі заманғы білім берудің объективті қажеттілігі болып табылады. Осындай модельді жасау білім беру мазмұнын, оқыту әдістемелерін, оқу жетістіктерін бағалау қағидаттарын, қалыптасқан мектеп құрылымын, өзара қарым-қатынас жүйесін өзгертуді талап етеді.

Бастауыш білім беру.

Бастауыш бірлестігінде барлығы 21 мұғалім жұмыс жасайды. Бастауыш сынып комплектісі – 21.

Ондағы шәкірттердің 100%-ы мектепалды дайындықпен қамтылған, ал мектепалды дайындықтан өтпегені жоқ. Гимназияда жас бұлдіршіндерге сапалы білім мен саналы тәрбие беруде бастауыш сыныптарда қосымша сағатар жүргізіледі.

2.Оқушылар жөнінде мәлімет.

Кластар	Оқу жылдары					
	2019-2020		2020-2021		2021-2022	
	Барлық оқушы	Үздік оқушы	Барлық оқушы	Үздік оқушы	Барлық оқушы	Үздік оқушы
1-сыныптар	147	85	149	-	163	-
2-сыныптар	139	51	149	42	146	55
3-сыныптар	138	32	137	47	142	43
4-сыныптар	151	40	137	31	136	45

Бастауыш сатыдағы тәрбие мен оқыту баланың жасын және өзіне тән психикалық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отыры, оның толыққанды қалыптасуы үшін даму ортасын құруға бағытталған. Сондықтан, гимназияға бастауыш білімнің оқыту бағдарламаларының үйлесімділігі баланы шаршаудан, артық күш салудан қорғау мақсатында оны оңтайтын жүктемемен қамтамасыз етуге айрықша көніл бөлінеді.

Орта білім беру.

Гимназиямыздағы орта білім беру жүйесі заман талабына уақытында үн қосу, жаңа тарихи кезеңнің міндеттерін ойдағыдай шешуге бағытталған. Гимназияда оқутәрбие үрдісі барысында әрбір оқушыға мынадай мүмкіндіктердің жасалуын көздейді:

- жеке және қоғам өміріне қажетті әрі қарай кәсіби білім алуы мен жұмысқа арналған негізі ретінде сапалы білім алу;
- өзінің білім алу қызметін тиімді жоспарлау, үйымдастыру;
- қазақтың және әлемдік мәдени мұралардың негіздерін білу, өзінің бірегей мәдениеттілігіні дамыту;
- мәдени және шығармашыл істерге қатысу.

Сабак беру мен оқытудың негізгі практикалары

Мақсатқа қол жеткізу үшін отандық және халықаралық білім беру бағдарламаларын үздік мазмұнын, соңдай-ақ сабак беру мен оқытудың үздік отандық және халықаралық тәжірибесін интеграциялау жүзеге асырылады.

Қазақстандық мектептердің дәстүрлі түрде күшті жақтарымен біріктірілетін отандық және шетелдік алдыңғы қатарлы практикалар өзіне мыналарды қамтиды:

- үш тілде білім беру;
- оқу және оқудан тыс қызметті интеграциялау;
- әлеуметтік жобаларды енгізу;
- жаңа педагогикалық әдістемелер мен технологияларды енгізу:
 - оқушыларды белсенді оқыту, өз бетінше оқуын дамыту;
 - пәннің мазмұны мен тілді оқытуды интеграциялау;
 - шығармашылық және сынни ойлауды дамыту;
 - технологияларын тиімді пайдалану;

- зерттеу дағдыларын дамыту;
- ынтымақтастықты, коммуникативтік дағдыларды және мәдениаралық қарым-қатынасты дамыту.

Үш тілді орта

Гимназияда үш тілді орта құру оқушылардың жалпы дамуына ықпал етеді. Осы саланың негізгі ерекшелігі үш тілде сабак беру мен сабақтан тыс қызметті жүргізуі білдіреді, бұл қосымша ақпаратқа қолжетімділікті және басқа мәдениеттерді түсінуді кеңейтеді. Құрылған үш тілді ортаның арқасында оқушылардың әлеуеті артады, икемділік, сыни және шығармашылық ойлау, мәдениаралық ынтымақтастыққа қабілеттілік, өзіне және айналасындағыларға құрмет, басқа тілдерді білуге құштарлық пен дағды дамиды.

Үш тілді оқыту моделін қалыптастыру үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

- оқушыларға тіл құзыretін және пәндерді үш тілде оқыту үшін қабілеттілікті өрістетуге көмектесу үшін үш тілді орта құру;
- ағылшын және бірінші тілдерде командалық оқыту әдісін енгізу;
- өзіне тілді оқытууды және мазмұнды, тіларалық интеграция мен коопeraçãoның элементтерін үйлестіретін бағдарлама әзірлеу;
- оқулықтар мен басқа да білім беру ресурстарын әзірлеу;
- мектепте және одан тысқары жерде үш тілді қолданып, сабақтан тыс ішаралар өткізу үшін мүмкіндік жасау;
- үш тілде білім беруді әзірлеу және енгізу нәтижесінде алынған білімді айқындау және оларды басқара білу;
- түпнұсқамен үш тілде кітапхана қорын жасау;

Тәрбие жүйесі

Гимназияда тәрбие жүйесі тәңгерімді, шығармашылық және аса өнегелі, бәсекелі ортада табысты әрекет етуге қабілетті, мәдениеті жоғары және азаматтық жауапкершілік жүктеген, өз Отанына берілген жеке тұлға қалыптастыруға бағытталған. Тәрбие жүйесі жаңа Интеграцияланған білім беру бағдарламасының және пәндік оқу бағдарламаларының, қосымша білім беру бағдарламаларының, демалыс қызметінің мазмұнын мынадай бағыттар арқылы іске асырылады:

1. Құқықтық тәрбие
2. Рухани – танымдық тәрбие
3. Көп мәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие
4. Экономикалық және экологиялық тәрбие
5. Зияткерлік тәрбие
6. Ақпараттық мәдениет тәрбие
7. Дене тәрбиесі
8. Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметі

Қазіргі заман мектептердің тұлектеріне жоғары талап қояды: жоғары дәрежедегі құзыретке ие болу, өз бетімен өмір сүруге және кәсіби қызметке шығармашылық тұрғыдан дайын болу. Адам көп жағдайда дайын рецептер көмектеспейтін жағдайларға жиі үшіншілік береді. Мектепте алған зерттеу дағдысы оны бітірушіге кез келген жағдайда табысты болуға көмектеседі.

Бұл кезеңде елдің білім беру жүйесінде білімді қолдану проблемасы барынша өткір қойылады. Оқушылардың ғылыми-зерттеу және ғылыми-практикалық қызметке қатысуын көздейтін бағыт барынша маңызды болуда. Нағыз осы бағыт оқушыда теоретикалық білімді практикалық тұрғыдан қолдана білу және қолдану дағдысын қалыптастырады.

Оқушыларының ғылыми-зерттеу қызметінің мақсаты оқушылардың танымдық дағдыларын, олардың сыни және шығармашылық ойлаудын, өз білімін өз бетінше үйлестіре білуін және ақпараттық кеңістіктегі бағдарлануын дамыту болып табылады.

Мектеп оқушылар контингенті

Оқу жылы	Оқушылар контингенті
2020-2021	1369
2021-2022	1396
2022-2023	1433

Педагогикалық ұжымның даму мониторингі

1.Барлық мұғалімдер саны.

Оқу жылы	Барлығы	Оның ішінде ер адамдар	Әйел
2021-2022	113	14	99
2022-2023	116	13	103

2.Мұғалімдердің білім деңгейі.

Оқу жылы	Жоғары	Арнаулы орта
2021-2022	102	11
2022-2023	106	10

3.Мұғалімдердің біліктілік санаты.

Стратегиялық бағыт өзіне оқытушылар құрамын, өз ісіне берілген адамдарды жасауды және дамытуды, оларды кәсіби даярлығына және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес онтайлы және орынды пайдалануды, олардың үдайы кәсіби өсуін ынталандыруды қамтиды.

Мектептегі педагогтар контингенті – тәжірибелі мамандар симбиозы, Қазақстан мектептерінде жұмыс тәжірибесі көп жоғары білікті пән мұғалімдері мен қажетті тілді және IT-құзыретті білетін жас перспективалы мамандар қалыптасқан.

Оқу жылы	Педагог - зерттеуші	Педагог - сарапшы	Педагог - модератор	Біліктілік санаты бар жалпы мұғалімдер саны
2021-2022	41	21	22	84
2022-2023	41	24	22	87

4. Мұғалімдердің жасы.

Оқу жылы	20 – 30 жас	30 – 40 жас	40 – 50 жас	50 жастап жоғары
2021-2022	42	30	25	16
2022-2023	41	30	26	19

5. Мұғалімдердің еңбек өтілі.

Оқу жылы	0-3 жыл	3-8 жыл	8-16 жыл	16-20 жыл	20 жылдан жоғары	30 жылдан жоғары
2021-2022	20	15	17	6	25	30
2022-2023	27	15	22	12	23	17

6. Мұғалімдердің біліктілік деңгейін көтеруге байланысты курстар мен семинарларға қатысуы туралы мәлімет

	Базалық	Жаңартылған	Инклюзив
2022-2023	102	60	15

2020-2023 оқу жылдары бойынша №32 гимназиядағы
салыстырмалы білім сапасы

класс	2020-2021 о.ж.		2021-2022 о.ж.		2022-2023 о.ж.	
	Оқушы саны	Сапа %	Оқушы саны	Сапа %	Оқушы саны	Сапа %
5	150	75	134	71	134	63,4
6	129	61	150	70	132	57,4
7	125	55	113	58	141	53
8	108	53	121	57	117	44,4
9	119	50	106	61,3	121	39

Оқу жылы	Алтын белгі	Үздік аттестат	Үздік куәлік (9 сынып)	Грант
2019-2020	5	6	14	34
2020-2021	1	2	11	32
2021-2022	10	5	12	49
2022-2023	5	7	15	56

Ғылыми жоба байқауындағы жетістіктер саны

Оқу жылы	Ғылыми жоба
2020-2021	35
2021-2022	19
2022-2023	44

3 жылғы олимпиада жетістіктер саны

2020-2021			2021-2022			2022-2023		
Қала	Облыс	Республикалық	Қала	Облыс	Республикалық	Қала	Облыс	Республикалық
35	10	19	48	11	2	10	32	18

	2020-2021		2021-2022		2022-2023		
	САНЫ	%	САНЫ	%	САНЫ	%	
МЕКТЕПШІЛІК	355	25.9 %	360	26%	376	26,2%	
МЕКТЕПТЕН ТЫС	542	45.8 %	880	63%	572	40%	
БАРЛЫҒЫ	897	65 %	1240	88,5%	948	66,1%	

5. ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫН ОРЫНДАУ МЕХАНИЗМІ МЕН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ.

Қойылған мақсаттарды орындау үшін келесі **жұмыстар** жүргізілу қажет:

- білім беру мазмұнын нәтижеге бағытталған «құзіреттілікке» жеткізу;
- гимназияның материалдық-техникалық базасын және оқу әдістемелік қамтамасыз етілуін қазіргі заманғы талаптарға сәйкестендіру;
- оқушылардың тілдік, ақпараттық, экономикалық және құқықтық дайындығын жетілдіру;
- мұғалімнің біліктілігін арттыру мен қайта даярлау жүйесінің құрылымы мен мазмұнын дамыту;

- білім беру деңгейлерінің мазмұны мен ұзақтығын, сабақтастырын қамтамасыз ету;
- базалық және тереңдетілген пәндер бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру;
- жаңа педагогикалық, ақпараттық және деңсаулық сақтау, оқыту технологияларын енгізу;
- мониторинг мәліметтерінің негізінде білім беру процесінің қорытындысын талқылауға қоғамды қатынастыру;
- материалдық-техникалық базаны жақсарту

Жүзеге асырылу кезеңдері

Кезеңдер	Уақыты	Жұмыс мазмұны
I кезең- Ұйымдастыру.	2023- 2025 жж.	<p>1. Мектептің даму жоспарын құру, білім және тәрбие беру жобаларын қорғау .</p> <p>2. Білім беру процесінде жаңашылдықты менгеру, өндөу және қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайларды жасау:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кабинеттер дайындау, құрал-жабдықтар алу (дискеттер, электронды оқулықтар), компьютерлендіруді одан әрі жалғастыру; • Жаңашылдықпен жұмыс жасайтын педагог кадрларды дамыту, біліктілігін арттыру; • Эксперименттік бағдарлама, технология, әдістемелік қызмет, арнайы тесттер жинағы; • Мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетінің жаңашылдыққа бағдарлануына, зеттеушілік іс-әрекетке қызығушылығын ынталандыру үшін қолайлы психологиялық климат құру;
II кезең- Практикалық кезең.	2025- 2027 жж.	<p>1. Жаңа оқу технологияларын белсенді енгізу;</p> <p>2. Тәжірибелік – эксперимент жұмыстарын ғылыми негіздей отырып жалғастыру;</p> <p>3. Оқушы бойында проблеманың шешімін табу, ақпараттық және коммуникативтік құзіреттерді қалыптастыруға бағытталған зерттеушілік оқыту, жобалау және технологияларын қолдану;</p> <p>4. Қолда бар компьютерлік техниканы соңғы үлгідегі компьютерлерге ауыстыру.</p> <p>Электрондық оқулықтар, мультимедиялық бағдарламалар, аудио – видео фильмдер, интерактивті тақталармен қамтамасыз ету. Жаңа</p>

		ұлғыдегі физика, биология, бастауыш сыйнып кабинеттерін жабдықтау. 5. Педагогикалық кадрларды дайындау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру. 6. Материалдық – техникалық базаны жақсарту. 7. Тәрбиенің кешенді бағдарламасын жүзеге асыру, т.б.
III кезең – Жинақтап қорыту	2027 – 2029ж.ж	Ғылыми – зерттеу жұмыстардың нәтижелерін өндідеу, барлық нәтижелерін талдау, түзету, өндөлген жаңашылдықтың менгертілу барысын жүйелеу, зерттеу материалдарын шығару. Эксперттік бақылау (білім беру, тәрбие беру, дамыту).

6. ГИМНАЗИЯДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ КЕЛЕШЕКТІК ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМУНЫ.

Жалпы орта білім берудің құрылымдық – мазмұндық моделінің негізінде кіші мектеп жасы, орта мектеп жасы, жоғары мектеп жасы сияқты жас кезеңдеріне тән жетекші іс - әрекеттер түрлерінің типологиясы болып табылатын негізгі мазмұн және жеке тұлға дамуын кезеңге бөлу жатыр.

Гимназияда жалпы орта білім берудің оқу ұзақтығы үш сатымен белгіленеді: 4+5+2.

Сатылар	Мақсаты	Міндеттері
I саты – бастауыш білім беру, 1 – 4 сыйныптар. Оқудың ұзақтығы – 4 жыл. Оқу жастан басталады. Білім мазмұны шетел тілі мен информатика негіздерін ерте үйрену арқылы байытылатын болады.	Негізгі мектептің жалпы білім беру бағдарламаларын менгеруге база жасау, баланың жеке басын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету.	Оқушы қабілеттерін анықтау және дамыту; Бастауыш мектептегі оқу әрекетін ұйымдастыру арқылы оқу, жазу, санау бойынша қажетті білім, білік, дағдылар жүйесін итеруін, осы сатыдағы негізгі құзіреттіліктердің қалыптасуын қамтамасыз ету; Тілдік қарым – қатынастың қарапайым тәжірибесіне, өзін - өзі шығармашылық түрғыдан таныта білуге мінез-құлықтың мәдениетіне, жеке гигиенаның және салауатты өмір салтының негіздеріне бағдарланады.
II саты – негізгі білім беру, 5-9 сыйныптар.	Оқушылардың ғылым жүйесінің базистік негіздерін менгеруі мен	-Игерген білім, білік, дағдылар мен әрекеттердің базалық тәсілдеріне негізделген базалық

Оқудың ұзақтығы -5 жыл	олардың бойында жеке бастың және этникааралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыру, тұлғаның өзін-өзі айқындауы және кәсіби бағдарлануы.	<p>мәдени деңгей мен дүниетанымын қалыптастыру.</p> <p>-Оқу әрекетін үйимдастыру арқылы жеке тұлғаның ғылыми таным мен ойлау әдістерін, зерттеу мәдениетінің негіздерін игеруді, кәсіби мақсаттарын қалыптастыру;</p> <p>-Болашақ кәсіби қызметінің бағытын саналы түрде таңдауға даярлауды жүзеге асыратын мектептің психологиялық-педагогикалық, ақпараттық қызметінің жүйесі ретінде бейіналды дайындық енгізу.</p> <p>-Негізгі орта білім берудің негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру</p>
III саты – жалпы орта білім беру, 10-11 сыныптар –бейіндік мектеп. Оқыту ұзақтығы – 2 жыл	<p>Оқушының санлы түрде кәсіби және азаматтық өзін-өзі анықтауына мүмкіндік туғызатын негізгі құзыреттіліктерді игерту. Жаратылыстану-математика, әлеуметтік-гуманитарлық, технологиялық бағыттар бойынша бейінді оқытуды енгізу.</p>	<p>-Оқушының бейімділіктері мен қабілеттерін есепке ала отырып, білім беру траекториясын барынша даралау;</p> <p>-Шығармашылық қызметке және жеке қабілетін дамытуға ерекше көзіл бөлу, жеке білім бағдарламаларын таңдау мүмкіндігі беріледі.</p> <p>-Бейіндік пәнді тереңдете оқыту және пән мазмұнын байыту үшін оқушылардың тандауы бойынша вариативті компоненттен элективті курстар мен қолданбалы арнайы курсарды оқыту.</p>

7. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР.

М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназиядағы оқушыларды әлеуметтендіру нәтижелері

Бастауыш мектепті бітіруші	Негізгі мектепті бітіруші	Жалпы орта мектепті бітіруші
<ul style="list-style-type: none"> - ҚР-да тұратын қазақ және басқа да халықтардың мәдени 	<ul style="list-style-type: none"> - жаңа әлеуметтік рөлдерді игере білуі; - әлемдік проблемаларға 	<ul style="list-style-type: none"> - оқудың мәнін болашақ еңбек қызметіне дайындық ретінде түсінуі;

<p>құндылықтарын түсінуі;</p> <ul style="list-style-type: none"> - «қоғамдық субъект» ретінде жаңа әлеуметтік мәнді рөлін (окушы, сыныптас, ұжым мүшесі) игеруі; еңбектің рөлін түсінуі; -баламалы өзін-өзі бағалау, өзін-өзі реттеу және өзін-өзітүсіну негіздерін сезінуі; - -адам, азамат, елжанды ұжымшыл деген түсініктердің мәні туралы көзқарасының болуы тиіс. 	<p>саналы көзқарас танытуы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - мектептен тыс жағдайларда әлеуметтік қарым-қатынас орната білуі; - денсаулықты құндылық ретінде түсінуі; - оқытудың болашақ бейіні мен кәсіби қызмет саласын таңдаудың мәнін түсіну; - -қоршаган ортаның жай күйіне моральдық жауапкершілігін сезінуі тиіс. 	<ul style="list-style-type: none"> - өзінің даралығын сезінуі және өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі іске асыруға, өмірлік жоспарларды қалыптастыруға дайын болуы; -салауатты өмір салтына дайын болуы; -әр түрлі жағдайдың проблемалар бойынша жауапты шешім қабылдауға дайын болуы; - -өз қызметіне мақсат қоюға, өзіндік бағалау жасауға тиіс.
--	--	---

2) Тұжырымдаманы жүзеге асыруда күтілетін түпкі нәтиежелер:

- Әлемдік жүйеге Қазақстан Республикасының келбетін таныта алатын бәсекеге қабілеті,
- әлемдік қабілеттерді игерген, толеранттық сезімдегі қазақстандық азамат, жеке тұлға қалыптасады;
- Педагогикалық ғылым саласына оқу бағдарламаларының, оқулық құрылымы мен мазмұнының, оқу құралдарының жетілуіне ұжым атсалысады.
- Инновациялық технологиялармен қаруланған, интерактивті әдіс-тәсілдерді игерген, ақпараттық-коммуникациялық құралдарды оқу-тәрбие үрдісіне енгізіп, оны тиімді қолдана біletін; зерттеу, іздену, жобалау, шығармашылық іс-әрекет машинына қалыптасқан, тың түрпатты мұғалім дайындалады;
- Әрбір мұғалімнің өзіндік электрондық әдістемелік жүйесі қалыптасады;
- Кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінетін бәсекеге қабілетті жаңа типті мектепті қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын болады.
- Білім беру жүйесін дамурудың мониторингі және оны болжай жүйесі, білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі құрылады.
- Гимназиядағы ғылыми және инновациялық қызмет жандандырылады.

**2023 – 2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУ
БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ.**

P/с	Iс – шаралардың атаяу	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты
1. Тек бастапқы мүмкіндіктер жасау				
1.1.	Білім алушыларды тәрбие және оқытумен қамту	анықтама	2023 жыл	Гимназия директоры
1.2.	Санитариялық – эпидемиологиялық талаптарға, өртке қарсы және терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес қауіпсіз білім беру ортасын құру	анықтама	2023 жылғы қараша	Гимназия директоры, гимназия орынбасарлары
1.3.	Білім алушылардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттер желісін кеңейту	анықтама	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
1.4.	Оқытуудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын балалардың меңгеруі бойынша мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	талдау	2023 жылғы сәуір	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
1.5.	1 сынып оқушыларының дайындық деңгейін айқындау бойынша мониторинг жүргізу (бастауыш, аралық және қорытынды)	талдау	2023 – 2029 жылдардағы кыркүйек	Директордың бастауыш класс оқу ісі жөніндегі орынбасары
2. Орта білім беру жүйесі арқылы саналы және жан-жақты дамыған азаматты қалыптастыру				
2.1.	МЖБС, оқу жоспарлары мен бағдарламаларына	анықтама	2024 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

	өзгерістер мен толықтырулар енгізу (академиялық білімге баса назар аудару, мазмұнды дағдылар мен құзыреттерді дамытуға бағдарлау, STEM тәсілдер негізінде оқыту, тәрбие компонентін күшету)			
2.2.	Оқушыларды толық (100%) оқулықпен қамтамасыз ету	есеп	2023 – 2026 жылдардағы желтоқсан	Гимназия директоры, кітапханашылар
2.3.	Электрондық оқулықтар мен ОӘК, гимназия базасын толықтыру	есеп	2023 – 2026 жылдардағы желтоқсан	Гимназия директоры, кітапханашылар
2.4.	Жоғары сыйныптарда сағатты ұлғайту арқылы жаратылыстану-математикалық цикл және ағылшын тілі пәндерін оқытудың қарқындылығы күшету және сапасын арттыру	бұйрық	2023 жыл – 2024 жыл	Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары
2.5.	Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру	оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру	2023 жылғы қыркүйек	Директордыңғылыми – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары
2.6.	Компьютерлері жоқ балаларға өтеусіз жалға алуына мүмкіндік беру	ақпарат	2023 жыл – 2029 жыл	Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары
2.7.	Гимназияға экологиялық білім беру сапасын арттыру	анықтама	2023 жыл – 2025 жыл	Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары
2.8.	"Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру	анықтама	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары, Директордың тәрбие ісі

				жөніндегі орынбасарлары, пән мұғалімдері
2.9.	Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларға арналған "Цифрлық мұғалім" жобасын іске асыру	анықтама	2023 – 2025 жылдардағы желтоқсан	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2.10.	Тапсырмалар – жинақтар қорын, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған математикалық тапсырмаларды орындау процестері туралы зерттеу, практикалық және шығармашылық тапсырмалар жинағын, оқулықтар мен құралдарды, оқыту бейне ресурстарын молайту	Тапсырмалар қорын жинақтау	2024 жыл – 2025 жыл	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2.11.	Математикалық модельдеуге арналған зертханалық жұмыстар, виртуалды зертханалар, симуляциялар жинақтарын толықтыру	анықтама	2023 жылғы тамыз	Шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары
2.12.	Гимназияда көмек көрсету (репетиторлық) үшін педагогикалық жоғары оқу орындарының жоғары курс студенттерін, оның ішінде игеруде қындықтар туғызатын тақырыптар бойынша онлайн-форматта сабактар өткізу	анықтама	2023 – 2026 жылдардағы желтоқсан	Директордың ғылыми – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары
2.13.	Гимназия мұғалімдерінің озық тәжірибесін тарату,	анықтама	2023 – 2026 жылдардағы қараша	Директордың ғылыми – әдістемелік ісі

	онлайн-платформалар мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, еліміздің үздік педагогтерімен, "Үздік педагог" республикалық конкурсының жеңімпаздарымен гимназия оқушыларына арналған консультациялар өткізу			жөніндегі орынбасары
2.14.	2023 – 2029 жылдарға арналған жол картасы бойынша жұмыстар үйымдастыру	Жол картасы	2023 жыл – 2024 жыл	Гимназия директоры

3. Инклюзивті білім беру

3.1.	Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін (пандустар, әлеуметтік обьектілер, білім алушылардың жұмыс орындары, кітапханалар, бағдарламалар, педагогикалық кадрлар) тең жағдай жасау және кедергісіз қол жеткізу	анықтама	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары
3.2.	Жалпы білім беру үйымдарының базасында инклюзивті тәжірибелерді дамыту және тәжірибе алмасудың ресурстық орталықтарын құру	анықтама	2023 – 2026 жылдардағы желтоқсан	Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары
3.3.	Мектептер жанынан инклюзияны қолдау	анықтама	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары

4. Жоғары жылдардықты Интернетпен қамтамыз ету

4.1.	Техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, орта білім беру үйымдарын 20	анықтама	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Гимназия директоры, директордың
------	---	----------	----------------------------------	---------------------------------

	мбит/с төмен емес Интернетпен қамтамасыз ету			оку ісі жөніндегі орынбасары
4.2.	Жоғары жылдардағы Интернетке қосылуудың техникалық шарттарын қамтамасыз ету	анықтама	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Гимназия директоры, директордың оку ісі жөніндегі орынбасары
4.3.	Әр сыйыпта (мектеп кабинетінде) Интернетке қол жетімді компьютер орнату	анықтама	2023 – 2026 жылдардағы желтоқсан	Гимназия директоры, директордың оку ісі жөніндегі орынбасары
4.4.	Гимназияда сенімді және уақтылы статистикалық ақпаратты қалыптастыру	анықтама	2023 жылғы желтоқсан	Гимназия директоры, директордың оку ісі жөніндегі орынбасары
4.5.	Гимназияда инфрақұрылымын тексеру (интернет, WiFi, дербес компьютерлер, ноутбуктар және басқалар)	анықтама	2023 – 2026 жылдардағы желтоқсан	Гимназия директоры, директордың оку ісі жөніндегі орынбасары

5. Енгізілген оқушы орындарының саны

5.1.	Гимназияда күрделі жөндеу жүргізуге өтініш даярлау		2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары
------	--	--	--	--

6. Физика, химия, биология, робототехника, STEM пәндік кабинеттерімен қамтамасыз етілу

6.1.	Гимназияда робототехника, химия, биология, физика, STEM заманауи мектеп кабинеттерін ашу		2023 – 2029 жылдардағы шілде	Гимназия директоры
6.2.	Гимназияда робототехника кабинеттерін қажетті құралдармен жараптандыру	анықтама	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Гимназия директоры

7. Базалық ауыз су көздерімен, ең аз жабдықталған бөлек дәретханалармен және қол жууға арналған құралдармен қамтамасыз етілу

7.1.	Гимназияда санитариялық-эпидемиологиялық қызметтердің ауыз сумен, бөлек минималды жабдықталған дәретханалармен және қол жууга арналған базалық құралдармен қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтауды	анықтама	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары
------	---	----------	----------------------------------	---

8. Балалардың құқықтары мен мұдделерін қорғау, баланың қауіпсіз өмір сүруіне қолайлы жағдайды қамтамасыз ету

8.1.	"Тиімді және қауіпсіз мектеп" жобасы шеңберінде жұмыстар үйымдастыру	бұйрық	2023 жыл – 2024 жыл	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
8.2.	Балалардың құқықтық қорғалу деңгейін, кәмелетке толмағандардың әлеуметтену көрсеткіштерін, мектептер мен колledgeдердің психологиялық қызметтерінің тиімділігін, гимназияда ақпараттық қауіпсіздігі мен қауіпсіз инфрақұрылымын айқындау бойынша әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргізу	анықтама	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
8.3.	Гимназияның педагогтерінің (педагог-психологтер, директорлар, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагогтар,	сертификаттар, анықтама	2023 – 2027 жылдардағы желтоқсан	Директордың ғылыми – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары

	педагог- ұйымдастырушылар) біліктілігін арттыру			
8.4.	Гимназияда қамқоршылық кеңестері мүшелерінің біліктілігін арттыру (вебинарлар, семинарлар)	сертификаттар, анықтама	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары
8.5.	Балалардың құқықтарын қорғау және әл-ауқатын қамтамасыз ету жүйесін ғылыми- әдістемелік және ақпараттық-ресурстық сүйемелдеу, оның ішінде тұлғаның жас, жеке, этно- психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушылардың әл- ауқатының ғылыми негіздерін зерттеу	анықтама	2023 – 2026 жылдардағы желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
8.6.	Гимназияда тегін тамақпен, барлық бастауыш сынып оқушыларын тегін бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз ету	есеп	2023 – 2026 жылдардағы тамыз	Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары
8.7.	Гимназия асханасын бейнебақылаумен қамтамасыз ету		2023 – 2026 жылдардағы желтоқсан	Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары
8.8.	Балаларға арналған жазғы лагер ашу, қала сыртындағы лагерлерге жіберу		2023 жылғы сәуір	Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагогтар

9. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балалармен жұмыс

9.1.	Жетім балалар мен ата- анасының қамқорлығының		2023 жылғы шілде	Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары,
------	---	--	---------------------	---

	қалған балаларды отбасын зерттеу, қаржылай, психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсетуді ұйымдастыру			әлеуметтік педагогтар
10. Терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес балаларды кешенді қорғау				
10.1.	Гимназияда қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі тиісті жабдықтармен (бейнекамералары, турникеттер, дабыл түймелері және т.б.) жарактандыруды мониторингтеу		2023 – 2029 жылдары тоқсан сайын	Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары
10.2.	Гимназияда ішкі істер органдармен бірлескен жұмыстар жүргізу		2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
10.3.	Гимназияда күзету қызметін көрсетуге лицензиясы бар күзету қызметінің субъектілерімен шарт жасасуы	есеп	2023 жылғы маусым және желтоқсан	Гимназия директоры, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары
10.4.	Гимназияда бейнебақылау жүйелерін Жедел басқару орталығымен интеграциялау, оларды қабылданған стандарттар мен техникалық талаптарға сәйкес жүргізу		2023 – 2026 жылдардағы желтоқсан	Гимназия директоры, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары
10.5.	Гимназияда құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі менеджер лауазымын енгізу ді жоспарлау		2024 жылғы желтоқсан	Гимназия директоры
10.6.	«100 медиативтік мектеп» жобасы жүзеге асыру бағытталған	анықтама, талдау	2024 жылғы желтоқсан	

	жұмыстарды ұйымдастыру			
11. Азаматтық және патриоттық деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оқушылардың өзін – өзі басқаруы және дебаттық қозғалыс арқылы тартылған білім алушылардың үлесі				
11.1.	Тәрбие берудің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алу	анықтама	2023 жылғы сәуір	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
11.1.	Құндылықтарға бағдарланған білім беруді жүзеге асыру	анықтама	2024 жылғы желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
11.2.	Гимназияда ата – аналар академиясын құру	анықтама	2023 жылғы желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
11.3.	Гимназияда оқушыларының психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі әдістемелік жұмыстарды жоспарлау	анықтама	2024 жылғы желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
11.4.	Гимназия оқушыларының мәдени-демалыс қызметін ұйымдастыру	анықтама	2024 жылғы желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
11.5.	Балалардың киберқауіпсіздігіне, кибергигиенасына және киберкультурасына қатысты пайдалы әдептерді қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу	анықтама	2023 жылғы желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
11.6.	Қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы идеологиялық тәрбие беруді қамтамасыз ету жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	2025 жылғы желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары

11.7.	Гимназияда әскери-патриоттық клубтардың қызметін үйімдастыру және білім алушыларды "Жас қыран" (1-4 сыныштар), "Жас ұлан" (5-10 сыныштар) үйімдасқан қоғамдық қызметіне тарту	есеп	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
11.8.	Балаларды тәрбие мен рухани дамуға зиян келтіретін ақпарат пен материалдардан қорғау жөніндегі шараларды іске асыру	есеп	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
11.9.	Оқушылар арасында республикалық зияткерлік турнирді (пікірталас қозғалысы) қатысу және өткізу және гимназияда өзін-өзі басқару қызметін күшайту	есеп	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
11.10.	Мектеп кітапханаларын электрондық ақпараттық ресурстар базасы бар қосымша оқытатын білім беру алаңдарына трансформациялау	анықтама	2023 жыл – 2024 жыл	Гимназия кітапханашысы

12. Балаларды қосымша білім берумен қамту

12.1.	Балалардың спорт секциясына немесе шығармашылық үйірмелерге тегін қатысуына мүмкіндік беру	есеп	2023 – 2025 жылдардағы шілде, желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
12.2.	Материалдық-техникалық базаны нығайту, балаларға, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға		2023 – 2027 жылдардағы желтоқсан	Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары

	арналған заманауи жабдықтармен жарақтандыру			
--	---	--	--	--

13. Спортпен айналысу үшін жағдай жасау

13.1.	"Сапалы дene тәрбиесі" жобасын енгізу, "Ұлттық спорт түрлері" міндетті бөлімін қоса отырып, оқу жоспарларын жаңарту	анықтама	2023 жылғы тамыз	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, пән мұғалімдері
13.2.	Қажеттіліктер мен қазіргі заманғы талаптарға сәйкес спорт мүкәммалын жаңарту, гимназияда дene шынықтыру мен спорт инфрақұрылымын жаңғырту	есеп	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары
13.3.	Спорт залдарды курделі жөндеуден өткізу	есеп	2023 – 2029 жылдар	Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары

14. Орта білім беру үйымдары педагогтерінің жалпы санынан педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы және педагог-модератор біліктілік деңгейі бар педагогтердің үлесі

14.1.	Педагогтерді курстан кейінгі қолдау және әдістемелік қолдау, құзыреттер шеңберіне ("Педагог" кәсіби стандартына) сәйкес педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамыту	анықтама	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың ғылыми – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары
14.2.	Гимназияда оқу-әдістемелік сүйемелдеу жөніндегі әдістемелік кабинеттердің қызметін жандандыру	анықтама	2023 жылғы желтоқсан	Директордың ғылыми – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары
14.3.	Гимназияда жоғары білікті педагогтерінің базасын құру, шығармашылық топтар үйимдастыру	анықтама	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың ғылыми – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары

15. Аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының санынан мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өткен білім беру ұйымдарының үлесі

15.1.	Гимназияда білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу	мониторинг жүргізу	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары
15.2.	Гимназия оқушыларын PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне дайындау және қатысу	есеп	2023 – 2029 жылдары цикл аяқталғаннан кейін	Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары
15.3.	Қазақстандық білім алушылардың PISA-Based Test For Schools-қа қатысуы	есеп	2023 – 2025 жылдары цикл аяқталғаннан кейін	Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары